

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қазандағы N 1038 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 51-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

3-тармақ "атқаратын" деген сөзден кейін ", әдетте дипломаттық дәрежесі бар және дипломатиялық қызмет органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктері мен міндеттерін жүзеге асыратын" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4-тармақ "атқаратын" деген сөзден кейін ", дипломатиялық қызмет органдарының қызметіне әкімшілік-техникалық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Шет елдердегі мекемелер - шет елдерде орналасқан Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері .";

2) 8-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дипломатиялық қызметке алғаш тұрған адамдар Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істегеніне бір жыл өткеннен кейін ғана шет елдердегі мекемелерге жұмысқа жіберілуі мүмкін.

Шет елдердегі мекемелердегі жұмысы арасындағы кезеңде дипломатиялық қызмет персоналының Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмыс мерзімі кемінде екі жылды құрауға тиіс.";

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "жұмыскерлерінің" деген сөз "персоналының" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші бөлік "министрі" деген сөзден кейін ", бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті